

Кураторлық сағаттың есебі

2016 жылдың 14 қазан күні Қазақ және орыс тілдері кафедрасының оқытушысы Л.С.Смайлханова техникалық факультеттің ТПП-220 тобының студенттерімен «Теріс пиғылды діни ағымдар және экстремизм» тақырыбындағы кураторлық сағатты дөңгелек үстел ретінде өткізді. Осыған орай, еліміздің жарқын болашағын қалаушы – жас ұрпақтарымыздың санасын улап жатқан жат ағымдардың мән-мағынасын, әсер ету жолдары мен тигізер зияндарын ашып көрсетіп, оларға қысқаша тоқталуды мақсат еттік. Қойылған мақсатқа жету үшін сабаққа университетіміздің дінтанушы, тиолог маманы Ерғали Зайтхан қатысып студенттерге терең ұғым бере алды. Сөз барысында Ерғали мырза қазіргі таңда тәуелсіз мемлекетімізді дамушы және дамыған елдерден ерекшелігі, ол – қоғамдағы діннің нығаюы мен елдегі діни ахуалдың тұрақты болуын, соңғы жылдары еліміздің діни ахуалына талдау жасау барысында, халқымыздың сексен пайызға жуығы асыл дініміз исламды ұстанып, дінге бет бұрып жатқандығы және олардың басым бөлігін жастар құрайтыны белгілі болғанын айтып өтті. Бір жағынан – бұны жақсы хабарға баласақ, екінші жағынан –дәстүрлі дінімізбен мүлдем үйлеспейтін кейбір сан алуан пікірлер мен ұстанымдар салдарынан туындайтын түрлі келеңсіз жәйіттер алаңдататынын да тілге тиек етті.

